Анам жаны: ұлттық рухты биіктеткен ерекше көзқарас.

Анам жаны ол біздің ұлттық рухты биіктеткен ерекше жан. Ұлттық рухты биік ететін ол біздің қазіргі жастарымыз. Анам жаны рухты ексеңіз биік, рухты жан. Қазіргі кезде көп жас өспірім анам жаны. ұлттық рух туралы көп біле бермейді. Біздің тарих, қазақ тілі апайларымыз көбінесе еске түсіріп айтып отырады. Ұлттық рух ұлтымыздың белсенділігіне, көзқарасқа рухын өздің биік болуына көп назар салады. Қазіргі таңда рухты сыйламайтын адамдар көп. Көбісі орысша сөйлеп қазақ еңселігін рухтарын сыйламайды. Мысал керек болмай қарап тұрған қазіргі Қазақстан-анымызда орысша сөйлейтіндер көп. Адамдар да орысша түсіндірмесен түсінбейді. Рухымызды қорғар қолдамайтын қазақтарымызда көп. Біздің бұрынғы ата-бабаларымыз рухы биік ұстап, тілін өте адал болған. Бірақ бұрындарында еркіндік алмайтұрып қазақтарды көрсе атып бас бостандығынан айыратын. Сол кезде өте қиын болған. Қазір рухы қазақ басын кім басқада тантан жүре береді. Қорытынды шешім рухымызды биік ұстап, тастамай сыйлауымыз қажет. Бұл жайында барлық қазақ білуі керек өз рухын қорғай алмаған адам қазақ емес. Өз рухымызды қорғайық. Рухы биік санасы жоғары адамдармен араласа жүрген жөн.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Алаш қозғалысы - Әлихан Бөкейхан бастаған ірі тарихи қозғалыс. Әлихан Бөкейханмен қосылып, қозғалысты дамытып үлесін қосқан А.Байтұрсынұлы, Сәкен Сейфуллин, Міржақып Дулатұлы және т.б. Алаш зиялылары. Олардың елдің тұрмыс-салтын ойлауы, халықты бостандыққа, тәуелсіз мемлекетке қол жеткізу олардың негізгі идеологиясы болып табылады. Осы олардың идеологиясы, көзқарасы біздің халыққа рух беріп, халықты оятты.

Бірінші аргумент, Алаш зиялылары қатарында болған жазушылардың туындылары оятқыш күш.

Факт, Міржақып Дулатұлы "Оян қазақ" атты еңбегі біздің халқымыздың еңсесін көтеріп, жігерлендірді. Осы туынды оның тарихта ізі қалуына себеп бола алды. Оны тіпті "Бүкіл қазақты оятқан Дулатов" деп атап кеткен.

Екінші аргумент, алаш қозғалысы кезіндегі көтерілістер халықты ынталандырған, күреске көмектесетін күш.

Факт, Сол кездегі Торғай облысында болған, ірі көтеріліс. Торғай облысында болған көтеріліс басшыларының бірі А.Байтұрсынұлы болған. Мыңдаған адам көтеріліске шығып, өзінің ұлттық мүддесін, жеке шекараларын қорғай алды.

Үшінші аргумент, Алаш зиялылары басшыларға жолдаған хаттарда шындық айтылуы.

Факт, Голощекинге жазған "Бесеудің хаты" барлық адамның сол кездегі тұрмыстық жағдайын, адамдарға істетін зорлықтың, малдың жетіспеушілігі



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

туралы ащы шындықты жеткізді. Осы хат арқылы Алаш қайраткерлері біздің халқымыздың ішкі жан дүниесіндегі барлық айта алмаған сөздерді айта білді. Халыққа олардың да өз ойлары, еркіндігі бар екенін сендіре алды.

Қорытындылай келсем, сол кездегі біздің халықтың жағдайы онша емес болды, бұл шындық, алайда Алаш зиялыларының қозғалысы біздің ұлтымызға күш берді. Патша үкіметіне қарсы шығып, өз халқымыздың рухын, күреске деген ынтасын көтеріп, жігерлендіре алды. Алаш қайраткерлеріне өз алғысымды білдіре отырып, тәуелсіздік біздің ең маңызды құндылығымыз екенін айтқым келді.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Алаш тобы: ұлттық рухты биіктеткен ерекше көзқарас.

Алаш тобы Қазақстан КСРО құрамында болған кезде құрылған. КСРО сол тұстағы бүкіл қазақ халқын басқарған. Кімде кім қарсы шыққан жағдайда қамауға алынды немесе ату жазасына кесілген. Қазақ халқының құрамында Алаш зиялылары бар, оларда да ату жазасына кесілген.

Алаш партиясы қазақ елін елемен, тәуелсіз және ұлттық құндылықты дамыту үшін ақпал етіп құрылған. Алаш партиясы құрамында: Ахмет Байтұрсын-ұлы; Міржақып Дулатов; Әлихан Бөкейханов және т.б болған. Көп қазақ зиялылары қазақ елі, КСРО туралы кітап немесе өлең, повесьтер жазған жағдайда қамауға немесе ату жазасына алынған. Кейбіреулерін ату жазасына алмай, қамауға қамап, соңғына жауған. КСРО жерлері бір адам, ақын қандай да бір ақпарат жазғанын білген жағдайда, үйіне басып кіру шарасы қолданған. Бірақ қазақ зиялылары қауіпті өте келе өз дегеніне жетті. Міржақып Дулатов „Оян қазақ" кітабын жарыққа шығарды. М. Дулатов өз елін бірге ат салысуға шақырып, бірге ұлттық құндылықты дамытуды қалаған.

Қорытындылай келе қазақ зиялылары ұлттық құндылықты дамытуға үлкен үлес қосты. Олар өз елі, ұлты үшін жанын беруге дайын болған қазақ ақындары, зиялылары.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

~~Негізгі~~ Менің ойымша әр қазақ баласы, адамы осы қазақ зиялыларын құрметтеп, қалдырған мұраны әрі қарай дамытуы қажет. Алаш партиясы қазақ елі үшін тұратын зиялылар, олар ұлттың рухты, құндылықты биіктетін. Осы себептен әр (де) адам қазақ зиялыларға сияқты өзінің ұлттық құндылығына үлес қосуы керек деп ойлаймын.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

«Жалған дүние» және «Өмірзая» романдарындағы адам тағдырының бейнеленуін салыстырыңыз.

Тағдыр – адамның өмір сүру жолы, бар өткізген ғұмыры. Адам тағдыры сан қилы бұралаң жолдар мен қуанышты сәттерден құралады. Әр шығарма-да бейнеленген кейіпкер мен оның тағдыры оқыр-манға өмірлік азық болар ізгі ой салары анық.

«Жалған дүние» мен «Өмірзая» романдарында көтерілген мәселеде адам тағдыры қаншалықты шебер бейнеленген? Шығармалардағы оқиғалар мен кейіпкерлер тағдыры бізді қандай ой түюге же-телейді? Біріншіден,

«Жалған дүние» романы қазақ халқының тағ-дырындағы нәубет кезеңдер мен біртуар ұлы тұлға-ларға жасалған қастандық пен репрессиялардан [қудалаудан] хабар береді. Романдағы бас кейіпкер, жазушы, ұлы нәубетті өз көзімен көрген қайсар тұлға Едіге өз көзімен көрген тарихты еш бұрмалаусыз ашық жазуға тырысқаны белгілі. Ұлтын сүйгені үшін «ұлтшыл», халқын сүйгені үшін «ха-лық жауы» аталған Едігенің жұбайы Маусым-жанның да жағдайы (мәз) мәз мәз емес. Шындық-ты жазар болса болашағының бұлыңғырланатынын біле тұра болашақ ұрпақ үшін бар ғұмырын кітап жазуға арнайды. Осы тұста жолдасын әр-дайым қолдайтын Маусымжанның Едігенің


ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

еңбегін бос әуесшілікке санап, одан теріс айналуы тағдырдың көлеңкелі тұстары. Сонымен қатар, ауылда өмір сүрген Ханафияның тағдыры шығармада шебер бейнеленеді. Жолдасы Шеге озбыр биліктің жалған жаласының салдарынан, әрі бір мансапқұмар Ждақайдың қастығынан қудалауға түсіп, балалары жетім қалатынын байқаймыз. Сол себептен де Ханафия қызы Үміт пен ұлының өмірі үшін ғана күреседі, іштегі тағдырға деген өкпе-назасымен бірге келесі өмірге аттанады.

Екіншіден «Өмірзая» романы қылышын сүйреп қарға келген кеңестік жүйенің солақай саясатының адам тағдырына әсерін бейнелейді. «Партия басшысының адалы - азығы, сөзі - сусыны» деп жүрген жарамсақтар, кеңестік жүйенің құлтемірлерінің әрекеттері талай адамның тағдырына балта шапты. Романдағы Кенесары көтерілісін жазған Аяған, биліктің сойылын соққан Мұса Байларовтың жас саясат құрбандары екені мәлім. Аяғанның өз, «ата-бабамыз қорғап қалған жердің бір бөлігі де тиеді-ау бізге!» деп қынжылуы сол замандағы көпшіліктің тағдырын бейнелейді. Мұса Байларов секілді ар-мен ұятты, иба мен иманды, әке-мен шешені, өз ұлты мен халқын мансұқ еткен адамдар сол заманда өмір сүрген сатқындар екені айдан анық. Өз әкесін желтоқсан оқиғасына қатысқаны үшін жындыханаға өткізген Мұсаның



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

әрекеті жайың ішкі жай-күйі мен тағдырын бейнелей-ді.

Үшіншіден, «Жалған дүние» романында Маусымжан(-ның) Едігеден теріс айналып, оның болашағына сенім-сіздікпен қараса, «Өмірзая» романында Аяғанның жиі жем жолдасын қашан да қолдауға дайын. Екі романда да адам тағдырынан отбасылық мәселелер кеңінен көрініс тапқан. Қос шығармадағы Аяған мен Едіге кеңестік жүйеге қарсы, өз ұлтын сүйетін, шындықты айтуға қорықпайтын қайтпас қайсар жандар. Бірі Кенесары кезінің шындығын іздесе, бірі аштықтың әдейі ұйымдастырылған саясат екендігін дәлелдеуге тырысқанын аңғарамыз. Сонымен қатар Есқария, Қуат қария сынды үлкендер балаларының тағдырына алаң-дайды, саналарында сайрап тұрған тірі сұраққа жауап іздейді. Ал Хансұлу көзінің ағы мен қара-сы ұлы мен қызының өміріне алаңдаулы. Ұлының 'ау', ішімдікке салынып, жұмыстан шығып, қоза ұ. Үйінің жолдасының өліміке, кейінгі тағдырық қалжыраған анана сары уайымға салады. Ал Муса мен Жадақай кеңестік жүйенің құлдарына айналып, зұлым-дыққа тоқтаусыз барағандай күйге жеткені шы-ғармадан белгілі.

Ойымды қорытындылай келе, екі романдағы кейіп-керлер тағдыры, іс-әрекеттері оқырманды терең мәнді ой түюге жетелейді. Өткен ғасырдың қаһар-мандары, ұлы тұлғалардың үлгі боларлық өнегелі



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

істері бізді ұлтымызды сүюге, адал болуға үйретеді. Өскелең ұрпаққа үлгі болар кейіпкер тағдырларын көрініс тапқан шығармалар біздің құнды қазыналарымыз. Осы жауһарларымызды сақтап, келешек ұрпаққа жеткізу біздің адами борышымыз.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӨСІПОРНЫ

„Алаш жолы: ұлттық рухты биіктетін ерекше көзқарас

Тәуелсіздік - ғасырлар бойы ата-бабамыз аңсаған қасиетті де қадірлі ұғым. Тәуелсіздік жолында қаншама батыр ерлеріміз, боздақтарымыз, аяулы аналарымызбен әкелеріміз құрбан болды. Ресей бодандығын қабылдаған кіші жүз ханы Әбілқайырдың заманынан бері біртұтас мемлекет болуды армандаған ұлтымыздың тілегі орындалуда. Тәуелсіз біртұтас мемлекет болуымызға орасан зор ықпал тигізіп, маңызды факторы саналатын бірден-бір жағдай „Алаш" қозғалысы.

ХХ ғасырдың басынан қазақтың ұлт-зиялылары көтерген әлеуметтік, саяси мәселелер ел болып қалыптасуымызға өз ықпалын тигізді. 1905 жылғы бірінші орыс революциясынан бастап, көрнекті өкілдеріміздің көрсеткен ашық қарсылықтары көрінді. Ресейдегі Думаға қазақ тұлғаларында сайлау жөнінде ерекше, ауқымды петициялар жіберіліп отырды. Сәйкесінше, I Мемлекеттік Думада А. Бірімжанов сөз сөйлесе, II Мемлекеттік Думада Б. Қаратаев Столыпин реформасына қарсы шыға отырып, жер-су мәселесін көтеріп сөз сөйледі. I, II Мемлекеттік Думадан кейін қазақтарды сайлауды тоқтатса да, III, IV Мемлекеттік Думада мұсылман фракциясына қосылған зиялы Мұстафа Шоқай қазақ халқының жағдайын баяндады. Алаш зиялылары қарап отырмай әртүрлі мақалалар шығарды. Т. Рысқұловтың „1899 жылдан бастап, қазақтардың отаршылдық езгімен күн көруі қалыпты жағдайға айналды",-деуі, А. Байтұрсынұлы-



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

„Қазақ халқының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды",-деген сөздері ел тағдырының ауыртпалығын баяндайды. 1916 жылы Верныйда патша үкіметінің бұйрығымен шыққан 19-43 жас аралығындағы ер-жігіттерді тыл жұмысына аламыз деуінің өзі дерт. Дәл осы кезде „Алаш" зиялылары ұлтымызды сақтап қалу үшін Ә. Бөкейхан бастап, А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатов қостап „Асықпаңыздар, қарсыласпаңыздар, қан төкпеңіздер",-деп мінбірде сөз сөйлейді. Сәл де болсын халықты басады. Осы жағдайлардан кейін Ж. Аймауытовтың редакторлығымен „Абай" газетінде алғашқы рет „Алаш" ұраны жарияланып, елге рух берді. Қазақ халқы „басымызға бақ орнады",-деп қуанды. Бірер ғасыр бойы „Абылай" деп жырлаған қазақтың енді ұраны сөзсіз „Алаш" болды. „Алаш" партиясы құрылғаннан кейін өзінің заңдар жинағын шығарды. Заңдар жинағы 10 бөлімнен тұрды. Әр бөлімде өткір, маңыздылығы жоғары мәселелер қаралды. Сонымен қатар, алаш зиялылары 1913-1918 жылдар аралығында „Қазақ" газетін шығарды. 1911 жылы алғашқы „Айқап" журналын шығарды. Нағыз маман иелері болмасада қазақ балалары үшін А. Бөкейхан „География" оқулығын, А. Байтұрсынұлы „Қазақ әліппесін" жасап шығарды. Осы оқулықтар арқасында қаншама жан сауатын ашты. Бірақ алашда дәл осындай партияны қасқойлер бар күшін салып тоқтатты

Тіптен, „Алаш" партиясы жойылып, орнына „Алаш" автономиясының құрылуы үлкен жетістік бола білді. Партия құлап, автономия пайда болса да зиялылар тарапынан ашық пікірлер тоқтамады. Ұлт-зиялылары өмірінің соңына дейін ел, жер деп өмір сүрді. Дәл осындай тұлғалар



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ "ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

мен зиялылар, жағдайлар елдің қалыптасуына зор ықпал етті. Біздің дүниетанымызбен, ой-өрісіміздің қалыптасуында, ұлттық рухты биіктету мақсатындағы жал - алаш жолы. (Д) Алаш аз өмір сүрсе де, ұрпағы мың жасады, ұлттың рухы мың жасады. „Депрессияға түссе де, депрессияға түспеген Алаштың ұрпақтарымыз!"



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ